

СЕНІМХАТ

Алматы қ.

«01» август 2017 жыл

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының «Зекет» Корпоративтік Қорының басшысы Спанов Алишер, жарғының негізінде әрекет етуші, **Сматаев Ибрагим Келдыбаевичке**, ары қарай «сенімді өкілі» деп аталатын, оған келесі уәкілеттік беріледі:

1. Астана қаласындағы Филиалды, оның Ережелеріне сәйкес басқару.
2. Филиалды түрлі есептерге (салықтық, әлеуметтік сақтандыру және т.б.) қоюға байланысты қажетті құжаттарды дайындау, қол қою, тапсыру және алу.
3. Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, салықтық және басқа да мекемелерге есептердің уақытылы тапсырылуын қамтамасыз ету.
4. Филиалдың шоттарын банктерде ашу және жабу, осы шоттардағы қаржыны қолдану.
5. Сенім білдірушінің атынан Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған барлық келісімшарттарды жасау.
6. Сенім білдірушінің атынан кез келген мәмілелер жасау, оның ішінде, сатып алу-сату бойынша мәмілелер.

Жоғарыда аталған өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін, Сенімді өкілге Сенім білдірушінің атынан келісімшарттарға, контрактілерге, келісімдерге, қабылдау-тапсыру актілеріне, басқа да құжаттарға қол қоюға, жоғарыда аталған кез келген мәмілені жасау кезінде Сенім білдірушінің мүлігімен және ақшалай қаражатымен қолдануға, және басқа да қажетті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқық беріледі.

7. Сенім білдіруші мен Филиалдың қызметіне байланысты, сотта және басқа да дауларды шешу мекемелерде Сенім білдірушінің өкілі болу. Жоғарыда аталғанға байланысты, Сенімді өкілге келесі құқықтар беріледі:

әр түрлі құжаттар мен өтініштерді беру және қабылдау; Сенім білдірушінің жұмысын барлық мемлекеттік мекемелерде, кәсіпорындарда, ұйымдарда атқару: келіссөздер мен сұхбат жүргізу, тапсырманың орындалуына қажетті барлық іс-әрекеттерді, нысандылықтарды атқару.

Өкілдіктік міндетті орындау үшін, Сенімді өкілге Сенім білдірушінің атынан барлық процессуалды іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, атап айтқанда, талап арызға қол қоюға, талаптан толық немесе ішінара бас тартуға, оның көлемін азайтуға, талаптың мәнін немесе негізін өзгертуге, талапты мойындауға, бітімгершілік келісімін жасауға, сот актісіне шағымдануға, сот актісінің мәжбүрлі түрде орындалуын талап етуге, сот нәтижесі бойынша берілген мүлік пен ақшалай қаражатты алуға құқық беріледі.

8. Филиалдың орналасуы мақсатында жылжымайтын мүлікті сатып алу, тіркеу, жалға алу бойынша мәмілелерді және нысандылықтарды жүзеге асыру.

9. Сенім білдірушінің атынан, осы сенімхатта белгіленген өкілеттіліктерге сәйкес, барлық қажетті құжаттарға қол қою, қатынас қағаз жүргізу, және басқа да жоғарыда айтылған өкілеттіліктердің орындалуына байланысты заңды және ресми іс-әрекеттер жасау.

10. Филиалдың қызметкерлерін жұмысқа алу және жұмыстан босату, оларға сыйақы және тәртіптік жаза тағайындау.

11. Филиалдың барлық қызметкерлері орындауға тиіс үкімдер шығару және нұсқаулар беру.

Сенім білдірушінің атынан мәмілелер жүргізу және Сенім білдірушінің мүддесін білдіру өкілеттіктері, Сенімді өкілмен Астана қаласы Филиалының қызметкерлеріне тапсырылуы мүмкін.

Бұл сенімхат 3 (жыл) жыл мерзімге беріледі.

**Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының «Зекет»
Корпоративтік Қорының Басшысы**



А. Спанов